



Жалағаш жаршысы



«zhalaqash-zharshysy.kz»
ақпараттық агенттігі

Аудандық қоғамдық-саяси газет

Газет 1934 жылдың 10 қаңтарынан бастап шығады

Акция

«ТАЗА ҚАЗАҚСТАН»: ЖАСТАР ТАЗАЛЫҚҚА ҮЛЕС ҚОСТЫ

Жастар күні қарсаңында ауданда белсенді жастардың қатысуымен «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық акциясы өтті. Шараға аудан әкімі Ардақ Ибраимов, аудан прокуроры Талғат Бектұрсынов, аудандық полиция бөлімінің бастығы Мақсат Баймағанбетов және аудан жастары қатысты.

Акцияда аудан әкімі жастармен кездесіп, тазалық пен абаттандыру жұмыстарына белсенді атсалысып жүрген бірқатар жас пен волонтерді марапаттады. Сонымен қатар Ардақ Ибраимов құдық қорғау органдарының басшыларымен және жастармен бірге тазалық жұмыстарына қатысып, қоршаған ортаны қорғаудың маңыздылығына тоқталды. Аудан әкімі экологиялық мәдениетті қалыптастыру баршаға ортақ міндет екенін атап өтті.

— Мемлекет басшысының бастамасымен жүзеге асып жатқан «Таза Қазақстан» экологиялық акциясы бүгінде қоғамдағы маңызды бастаманың біріне айналды. Бұл — қоршаған ортаны таза ұстауға, табиғатты аялауға және туған жерге жанашырлықпен қарауға үндейтін игі жоба. Тазалық — бір күндік науқан емес, әр азаматтың күнделікті өмір салты мен мәдениетінің көрінісі. Ауданымызды көгалдандыру, абаттандыру және көркейту бағытындағы жұмыстар алдағы уақытта да жүйелі түрде жалғасады. Ортақ іске белсенді атсалысып жүрген жастарға шынайы алғысымды білдіремін, — деді Ардақ Әбдіғәппарұлы.

Экологиялық акцияның басты мақсаты — тұрғындардың қоршаған ортаға деген жауапкершілігін арттырып, тазалық мәдениетін қалыптастыру. Осы ретте Ардақ Ибраимов аудан жұртын туған жердің тазалығы мен көркеюіне үлес қосып, игі бастамаларға белсенді қатысуға шақырды.

Аталған бастама аясында ауданда жүйелі жұмыстар атқарылуда. Көктемгі санитарлық тазалық және абаттандыру жұмыстарында аудан көлемінде 11 550 түп ағаш отырғызылып, жүздеген тонна тұрмыстық қалдық шығарылды. Саябақтар, скверлер, әлеуметтік және қоғамдық нысандардың аумақтары тазартылды. Апта сайын ұйымдастырылған сенбіліктерге мемлекеттік мекемелердің қызметкерлері, еріктілер, қоғамдық ұйымдар мен жүздеген белсенді жас



тұрақты түрде қатысып келеді. Бұл — аудан тұрғындарының туған жерге деген жауапкершілігі мен жанашырлығының айқын көрінісі.

Экологиялық мәдениетті қалыптастыруда ақпараттық насихат жұмыстарына да ерекше мән берілуде. Биыл аудан көлемінде «Таза Қазақстан» экологиялық акциясын кеңінен насихаттау мақсатында 8 арнайы бейнеролик әзірленіп, әлеуметтік желілерде жарияланған. Ақпараттық материалдар тұрғындардың экологиялық сауаттылығын арттыруға, қоршаған ортаға ұқыпты қарауға және жастардың азаматтық жауапкершілігін нығайтуға бағытталған.

Жалпы «Таза Қазақстан» — тазалық акциясымен ғана шектелмейтін, қоғамның қоршаған ортаға деген көзқарасын өзгертуге бағытталған маңызды бастама. Оның нәтижесі әр аула, әр көше, әр азаматтың күнделікті іс әрекетінен көрінуі тиіс.

Өздеріңіз білетіндей, тағылымы мол, мән-мазмұны айрықша «Таза Қазақстан» жалпыұлттық экологиялық акциясы осыдан екі жыл бұрын бастау алған болатын. Содан бері бұл бастама ел көлемінде кең қолдау тауып, қоршаған ортаны қорғау мен тазалық мәдениетін қалыптастыруға бағытталған игі іске айналды. Екі жыл

ішінде «Таза Қазақстан» акциясы аясында 1,5 мыңға жуық экологиялық іс-шара ұйымдастырылып, 2 миллион тонна қоқыс жиналған. Сонымен қатар еліміз бойынша 5,5 миллионға жуық тал егілді. Жыл сайын аталған бастамаға 6,5 миллионға жуық азамат қатысып, оның ішінде 780 мыңнан астам волонтер белсенділік танытуда.

Жыл басында Мемлекет басшысы «Таза Қазақстан» акциясына белсене қатысып, елге қызмет етудің жарқын үлгісін көрсеткен бірқатар азаматты арнайы марапаттады. Олардың қатарында жерлесіміз, Жалағаш ауданының «Jalyn dy jas» еріктілер клубының мүшесі, белсенді жас, Темірбек Жүргенов атындағы №123 мектеп-лицейінің мұғалімі Құралай Аймұратқызының болуы — аудан жастары үшін үлкен мақтаныш. Тазалықты ұранмен емес, нақты іспен көрсетіп жүрген Құралай қоршаған ортаны қорғау, тазалық жұмыстарын ұйымдастыру, жастарды қоғамдық бастамаларға тарту бағытында белсенділік танытып келеді. Құралай Аймұратқызының қоғамдық бастамаларға белсенді араласуы, туған жердің тазалығы мен көркеюіне үлес қосуы — өскелең ұрпаққа үлгі. Бұл марапат — бір азаматтың еңбегіне ғана емес, туған жеріне жанашырлықпен қарайтын барша белсенді жастың еңбегіне берілген баға.

«Таза Қазақстан» акциясы басталғалы оған тұрақты қатысып келемін. Себебі туған жердің тазалығына үлес қосу мен үшін өте маңызды. Тазалық жұмыстарын туған жерге деген жанашырлықты іс жүзінде көрсетудің бір жолы деп ойлаймын. Сенбілік пен абаттандыру жұмыстарына тұрақты түрде қатысуға тырысамын. Ұстаз болған соң өз ісіммен оқушыларға да үлгі болғым келеді. Әсіресе жастардың осындай игі бастамалардан шет қалмай, қоршаған ортаны қорғауға өз үлесін қосып жатқаны қуантады. Себебі таза әрі көрікті орта — бәрімізге ортақ. Меніңше, тазалыққа деген жауапкершілік әр адамның өзінен басталады, — дейді белсенді жас Құралай Аймұратқызы.

Расында тазалық — баршаға ортақ жауапкершілік. Туған жердің әр талын аялап, әр көшесін таза ұстауға атсалысқан әрбір жанның еңбегі ел игілігіне айналады. Туған жердің көркеюіне үлес қосу — әр азаматтың парызы. Ал осыны нақты іспен көрсетіп, ортақ іске жұмыла кірісіп, белсене атсалысып жүрген белсенді жастардың көптігі көңіл қуантады.

Сезім НҰР

Біле жүріңіз!



WHATSAPP АККАУНТ: АЛАЯҚТАРДАН ҚАЛАЙ ҚОРҒАНАМЫЗ?

Ішкі істер министрлігі WhatsApp мессенджеріндегі аккаунттарға рұқсатсыз кіру жағдайлары көбейіп отырғанын ескертіп, қолданушыларды жеке деректерінің қауіпсіздігіне мән беруге шақырды. Ведомствоның мәліметінше, аккаунтты қорғаудың тиімді тәсілінің бірі — екі сатылы тексеруді қосу. Ол үшін WhatsApp-та «Баптаулар» бөліміне кіріп, «Аккаунт» пен «Екі сатылы тексеру» тармағын тандап, алты таңбалы PIN-код орнату қажет. Сондай-ақ аккаунтты қалпына келтіруге арналған электронды пошта мекен-жайын көрсетуге болады.

ІІМ бұл кодты ешкімге бермеуге кеңес береді. Алаяқтар өздерін банк немесе басқа ұйым қызметкері ретінде таныстырып, SMS арқылы келген растау кодын сұрауы мүмкін. Сонымен қатар қолданушыларға аккаунтқа қосылған құрылғыларды тұрақты түрде тексеру ұсынылады. Ол үшін WhatsApp мәзіріндегі «Байланыстырылған құрылғылар» бөліміне кіріп, тізімдегі құрылғыларды қарап шығу керек. Егер белгісіз құрылғы анықталса, оны бірден аккаунттан ажыратқан жөн.

Министрлік аккаунттың бұзылғанын білдіретін бірнеше белгіге назар аударды. Олардың қатарында қолданушының қатысуынсыз хабарламалардың жіберілуі, таныстардың оның атынан күмәнді өтініштер алғаны туралы хабарлауы, сұратылмаған растау кодтарының келуі және аккаунттан өздігінен шығып қалу бар.

ІІМ растау кодтарын бөгде адамдарға бермеуді, күмәнді

сілтемелерді ашпауды және бейтаныс адамдардың нұсқауымен белгісіз қосымшаларды орнатпауды ескертеді. Егер аккаунтқа рұқсатсыз белсенділік байқалса, алдымен «Байланыстырылған құрылғылар» бөліміндегі күмәнді сеанстарды аяқтап, екі сатылы тексерудің PIN-кодын өзгерту қажет. Сондай-ақ аккаунттың бұзылуы мүмкін екенін байланыстағы адамдарға ескертіп, құқық қорғау органдарына жүгінген жөн.

Айта кетейік, бұған дейін ақтөбелік әйелдің алаяқтарға сеніп, пәтерінен айырылып қала жаздаған еді. Сондай-ақ Алматыда бет-әлпетті тану жүйесі 3 жыл бойы іздеуде жүрген алаяқты ұстағаны жарияланды. Жалпы тізе бесрек, мұндай деректер жетіп артылады. Сондықтан министрліктің бұл кеңесіне құлақ асып, әрбір адам қауіпсіздігін қамтамасыз етуді өзінен бастағаны дұрыс.

«ЖОЖ» ақпарат

Мерей

Аудан әкімінің орынбасары Ғалымжан Рахатов құрылысшылар күніне орай сала ардагерлері мен қызметкерлерін қабылдады. Кәсіби мерекеге арналған жиында құрылыс саласының ел дамуына қосқан үлесін тілге тиек етіп, сала мамандарына құрмет көрсетті. Аудан мен ауылдың ажарын айшықтап, ел игілігіне қызмет етіп тұрған әрбір нысанның бой көтеруінде жергілікті құрылысшылардың маңдай тері бар. Әсіресе бүгінгі сала ардагерлерінің аудан құрылысына қалдырған қолтаңбасы айрықша. Олар жылдар бойы жинақтаған тәжірибесі мен кәсіби біліктілігін ел игілігіне жұмсап, талай әлеуметтік және өндірістік нысанның сапалы әрі мерзімінде пайдалануға берілуіне үлес қосты.

Жиында аудан әкімінің орынбасары Ғалымжан Көшкінбайұлы сала мамандарын кәсіби мерекелерімен құттықтап, құрылысшылар еңбегінің ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуындағы маңызына тоқталды.

— Құрылыс — ел дамуының басты көрсеткішінің бірі. Бүгінде ауданда тұрғындардың өмір сүру сапасын арттыруға бағытталған әлеуметтік нысандар, тұрғын үйлер, жолдар мен инженерлік инфрақұрылым



нысандары бой көтеріп келеді. Бұл бағытта атқарылып жатқан жұмыстар аз емес. Сіздер әлеуметтік және өндірістік нысандарды сапалы әрі белгіленген мерзімде іске қосуға атсалысып келесіздер. Осының барлығы — құрылысшылардың адал еңбегі мен кәсіби шеберлігінің нәтижесі. Сіздердің табанды еңбектеріңіз ауданымыздың өркендеуіне, тұрғындардың әл-ауқатының жақсаруына зор үлес қосып келеді. Заманауи нысандардың бой түзеуі, медициналық нысандардың салы-

нуы, жылдар бойы армандаған тегіс жолдар мен таза ауызсудың ауылдарға дейін жетуі құрылысшылардың күн-түн демей атқарған еңбегінің жемісі деп айтсақ, қателеспейміз, — деді аудан әкімінің орынбасары.

Бүгінде ауданда заманауи талапқа сай сәулетті ғимараттар қатары жыл санап артып, елді мекендердің келбеті көркейіп келеді. Бұған дейін Мырзабай ахун, Есет батыр, Қаракеткен елді мекендерінде заманауи медициналық жабдықтармен жарақталған дәрігерлік ам-

булаториялар салынып, ел игілігіне берілді. Сонымен қатар «Руханият» орталығы, Аққыр елді мекеніндегі дене шынықтыру-сауықтыру кешені және халықтың әлеуметтік осал топтарына арналған 101 тұрғын үй бой көтеріп, бірқатар елді мекенде абаттандыру жұмыстары жүргізілді. Бұл нысандардың пайдалануға берілуі тұрғындардың өмір сүру сапасын арттырып, елді мекендердің инфрақұрылымын дамытуға оң ықпал етуде. Жүйелі жұмыстар биыл да жалғасып, халықтың тұрмыс сапасын арттыруға бағытталған бірқатар маңызды инфрақұрылымдық жоба жүзеге асырылуда. Соның бірі — Аламесек ауылдық округіндегі ауызсу жүйесін жаңғырту және кеңейту жобасы. Аталған жоба елді мекен тұрғындарын сапалы ауызсумен қамту деңгейін арттыруға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар әлеуметтік осал топтағы азаматтарды тұрғын үймен қамтамасыз ету мақсатында «Ақтерек» тұрғын ауданында екі пәтерлі 50 тұрғын үй, яғни жалпы 100 пәтер салынуда. Бұл — баспанамен қамту бағытындағы маңызды жобаның бірі. Бұдан бөлек кенттегі Т.Қыстаубаев көшесі №92 мекен-жайда орналасқан апатты деп танылған 16 пәтерлі тұрғын үйдің тұрғындарын қауіпсіз әрі жайлы баспанамен қамтамасыз ету мақсатында «Дәуімбай» учаскесінде жаңа тұрғын үйлердің құрылысы басталды. Аталған жобалардың барлығы — елді мекендердің инфрақұрылымын жаңартып қана қоймай, тұрғындардың қауіпсіздігі мен тұрмыс сапасын жақсартуға бағытталған нақты жұмыс. Құрылыс қарқынының артуы

ауданның әлеуметтік-экономикалық әлеуетінің нығайып, елді мекендердің заман талабына сай жаңғыруына жол ашуда.

Салтанатты жиында құрылыс саласының ардагері Аманкелді Мақатаев, Өмірбек Оспанов пен Нұрлан Бәйімбет, сондай-ақ аудандық қоғамдық кеңес және кент ардагерлер кеңесінің төрағасы Қожатай Құлмахан құрылысшыларды кәсіби мерекесімен құттықтап, саладағы көпжылдық еңбек жолдарынан сыр шертті. Ардагерлер өз тәжірибелерімен бөлісіп, жас мамандарды еңбекке жауапкершілікпен қарауға, кәсіби біліктіліктерін үнемі арттырып, құрылыс сапасына баса мән беруге шақырды.

Жиында аудан әкімінің орынбасары құрылыс саласында білікті де білімді, іскер де қабілетті мамандардың ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуына өлшеусіз үлес қосып келе жатқанын ерекше атап өтті. Салтанатты шара соңында құрылыс саласында ұзақ жылдар бойы еңбек етіп, ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуына үлес қосып жүрген бірқатар ардагер мен сала қызметкері облыс және аудан әкімдерінің алғыс хаттарымен марапатталды.

Құрылысшылардың қолымен бай көтерген әрбір нысан — бүгінгі күннің ғана емес, келешек ұрпақтың игілігі. Сондықтан елді мекендердің еңсесін тіктеп, халыққа қолайлы орта қалыптастыруға үлес қосып жүрген құрылыс саласының мамандарының еңбегі әрдайым зор құрметке лайық.

Сезім НҰР

Тағылым

АСҚАР ТАУЛАР АЛЫСТАҒАН САЙЫН БЫКТЕЙ БЕРЕДІ

Абайдың қазақ әдебиетінде жана реалистік жазба әдебиеттің негізін қалаған, соған сай қазақ әдебиеті тарихындағы жана тарихи дәуір әдебиетінің бастауында тұрған тұлға екенін алғаш рет ақынның көзі тірісінде-ақ жазған адам Әлихан Бөкейхан болды. 1894 жылы Санкт-Петербургтегі Орман шаруашылығы институтының экономика факультетін тамамдаған соң Омбыдағы Орман шаруашылығы училищесінде математика пәнінің оқытушысы және «Степной край» газетінің редакциялық алқа мүшесі болған Әлихан Бөкейхан 1896-1903 жылдары Шербина экспедициясы құрамында қазақ даласын аралап, қазақ халқының тарихы мен мәдениетіне қатысты мол материалдар жинады.

Осы материалдар негізінде 1903 жылы Санкт-Петербургте «Киргизский край» атты «Россия. Полная географическое описание нашего отечества» жинағының 18-томы жарыққа шықты. Осы томның «Население» деген екінші бөлімі толығымен Әлихан атамздың каламынан тұған. Онда Алаш арысы қазақ халқының аймақтағы орналасу жайы, мәдениеті, ақыл-ойы, санасы, фольклорлық мұрасы, ауыз және жазба әдебиеті жайлы толық сипаттама беріп, талдау жасай келе, Абай шығармаларының XIX ғасырдан басталған жана әдебиеттің бастауы екенін былайша атап көрсеткен: «Как предшественителя нового течения в киргизской поэзии, следует назвать Кунанбаева — автора многих стихотворений, изшедших по форме и поэтических по содержанию».

Кейін, яғни Абай қайтыс болғанда жазған азнамасында Әлихан Бөкейхан осы тұжырымын Абай мұраларынан алған мысалдармен дәйектей отырып тұжырымдайды.

Міне, осы кезден бастап Абайдың «Қазақтың жана әдебиетінің, классик әдебиетінің іргесін өзі қалап, туғызып, сол әдебиетке басшы, халыққа қамкор, қайраткер болғаны» (М.Әуезов. «Абай еңбектерінің биік нысанасы»), яки кеменгер мұрасының қазақ әдебиеті ғана емес, бүкіл қазақ халқының рухани нәр бұлағы, жан азығы, болашағының адастырмас темірқазығы ретінде тұтаытан саласында қолға алыну ісінің алғашқы қадамдары басталды. Бұл орайда абайтану саласында зор қызмет атқарған Абайдың ақын шәкірт-тері, алаш арыстары, Абайдың Семейге жер аударылып келген демократ орыс достары, сол замандағы Семейдегі ағайынды Белослюдовтардай интеллигент азаматтар мен қазақтың өз ішінен шығып, ішкергі Ресей қалаларында оқыған Нұр Рамазанов, Сатылған Сабатаев сынды жастар болды. Абай мұрасын елге таныту, насихаттау жолында, сондай-ақ қазақ ішінде ғана емес, орыс тілінде насихаттап, сол замандағы Патша өкіметіне бағынышты елдерге таныту жолында қыруар істер атқарылды.

Тұңғыш рет Абайдың «Жаз» өлеңі «Семей уезі Шыңғыс елінің қазағы Ибраһим Құнанбайұлы ауылының Бақанас өзенінің бойындағы Көпбейіт деген жерге қонып жатқандағы түрі» деген атпен «Дала уәлаяты» газетінің 1889 жылғы №7 санында «Кісімен үйреніп жаздым. Көкбай Жанатайұлы» делініп, Көкбайдың Абайдан үйреніп, өлеңі редакцияға жолдағаны айтылса, осы газеттің осы жылғы №12 санында Абайдың «Болыс болдым, мінекі» өлеңі «1888 жылғы май айында Ақшатау деген жерде Семей облысы мен Жетісу облысының шербаңшай сьезі болғанда бір уезің ел билеушілерінің түрі» деген атпен жоғарыдағыдай Көкбайдың жолдауымен басылған. Бұдан соң Абай шығармалары қазақ, орыс, татар тілдеріндегі «әл-Шархият», «Сибирский студент», «Русское богатство», «Уақыт», «Қазақ», «Айқап», «Абай», «Кісігалім», «Инкиллаб», «Ақжол», «Шолпан», «Таң» т.б. басылымдарда жарияланды.

Абай шығармалары 1909 жылдан бастап жеке жинақтар түрінде де тарайды. Мысалы, 1909 жылы Уфада Зейнеп Ғабиден әл-Жауһари әл-Омсқауи шығарған «Насикат Қазакыя» жинағында, 1916 жылы Орынборда Самат Әбішұлы бастырған «Абай термесі» кітапшасында, ең бастысы 1909 жылы Көкітай, Тұрағұл Құнанбай ұғландары Санкт-Петербургтегі Бораганский баспаханасынан шығарған «Қазақ ақыны Ибраһим Құнанбай ұғлының өлеңі» атты тұңғыш жеке өлеңдер жинағы басылып шықты, кейін 1922 жылы осы жинақ негізінде Хален және Ташкент қалаларында Бернияз Құлесев, Қазан Досмұхамедов пен Уәлихан Омаровтар Абайдың өлеңдер жинағын жарыққа шығарды.

Абай мұрасын насихаттауда 1902 жылы 31 наурызда Семейде ашылған Орыс жағрафия қоғамының бөлімшесі (Семипалатинский подотдел Западно-Сибирского отдела Русского географического общества) Абайдың қайтыс болғанына 10 жыл толуына орай, Абайды еске алуға арналған тұңғыш әдеби кеңес орыс тілінде 1914 жылы 26 қаңтарда өткізді. Онда қазақ қыздарынан шыққан алғашқы абайтанушы ұстаз, ғалым Нәзіпа Құлжанова «Киргизский поэт Ибрагим (Абай) Қунанбаев и «оу поэзия» деген тақырыпта бас баяндама жасап, орыс тілінде И.В.Емельянцев, С.Г.Павлова, М.А.Ауэрбах, Н.А.Яковлев, В.Ю.Шабуневич сынды жағрафия қоғамының мүшелері Абай шығармаларын орындады.

Арада бір жыл өткен соң, 1915 жылы 13 ақпанда Нәзіпа Құлжанова Абайдың туғанына 70 жыл толу құрметіне арналған қазақ тіліндегі әдеби кеңісті семинариядағы шәкірттері мен Абайдың өнерпаз ізбасарларын жұмылдыра отырып ұйымдастырды. «Құмырсақдай қайнаған халық, аяқ басар орын жоқ» («Қазақша бастапқы ойыны!» «Айқап», 1915, №5 саны) болып, жұрттың жанын жадыратқан ғажап әдеби кеңітті ұйымдастырған Нәзіпа ханым жайлы «Айқап» журналы «Бұл ойынды ойнауды шығарған да, басқарған да Нәзіпа ханымға қанша рақмет айтсақ та көп емес. Біздің қазақта ұлтқа қызмет еткен әйелдің алды осы Нәзіпа ханым болып шежіреде жазылуга тиіс» деп жазды.

Кенес өкіметі түпкілікті орнап, таптық идеология барша ұлттың рухани әлемін тұпмшалай бастаған шақтағы Абай мұрасына арнап откізілген соңғы мәдени іс-шара Семейдің география қоғамының төрағасы Терасимов пен төраға орынбасары М.Әуезовтің ұйымдастыруымен 1924 жылы 29 желтоқсанда Абайдың қайтыс болғанына 20 жыл толуына орай Абайды еске алуға арналған кеш болды. Кеште Алаш арысы Халел Ғаббасов «Абай өмірбаяны», Мұхтар Әуезов «Қазақ әдебиетіне сіңірген Абайдың еңбегі»



тақырыптарында баяндамалар оқып, Көкбай ақсақал «Абайдың мінез көріністері» жайлы естеліктер айтып, Әміре Қашаубаев, Әлмағамбет Қапсаламов және Семейдегі оқу орнының талапты жастары Абай өңдерін орындап, өлеңдерін оқыды.

Абайтану тарихындағы Абай сөзі халқымыздың өткен тарихын, рухани мұрасын танытумен бірге, бүгінгі және келешек өміріміздің де бағдаршамы, ақ жолы, ғибратты ұстазы болды. Абай тағылымы, Абайдың моральдық принциптері – адамзатқа ортақ гуманистік сарқылмас қазына көзі. Абайды оқу, одан рухани нәр алып, жан әлемін байыту арқылы қазақ елі, адам баласы өлдіретті, адал ғұмыр, бақытты заман бесігіне бөленері айқын. Мұның дәлелді көрінісі ретінде кеменгер мұрасын әр қырынан дәйектеп жазған еңбектердегі негізгі ой, пікірлерді қысқаша шолып өтейік.

Бұл орайда Орынборда татар тілінде жарыққа шығып тұрған «Уақыт» («Бақыт») газеті «Мырза Ибраһим бұдан 4 жыл бұрын, 59 жасында қайтыс болды. Ғылымсыз қара халық арасында, сахара халқының ішінде жалғыз жұлдыздай жарқырап шығып, тілі майда, сөзі әсерлі өлеңдерімен бүкіл әтрафқа өзін мәшһүр етті» деп жазса («Уақыт», №338, 1908 жыл), Алексей Белослюдов «Абай өлеңдері халыққа деген шексіз сүйіспеншілікке бөленіп, сол кездегі самодержавиялық чиновниктердің тағылық дүниесінің азабын тартып отырған қазақ елінің мұңы Абайдың «көрінбеген көз жасы» арқылы ашық бейнеленді. Оның тілі көркемдіктің ең жоғарғы дәрежесінде және осы тұрғыдан алып қарағанда, онымен қатар тұрға қазақ ақын-жазушыларының бірі де тең келмейді» деген.

Ахмет Байтұрсынұлы «Қазақтың бас ақыны»/«Қазақ», 1913, №43 ат-ты атақты мақаласында «Қазақтың бас ақыны – Абай. Онан асқан бұрынғы-соңғы заманда қазақ баласында біз білетін ақын болған жоқ. Не нәрсе жайынан жазса да Абай түбін, тамырын, ішкі сырын, қасиетін қармай жазады. Нәрсенің сырын, қасиетін біліп жазған соң, сөзінің бәрі де халыққа тіреліп, оқушылардың біліміне сын болып, емтихан болып табылады. Оқушы сөзді сынаса, сөз оқушыларын сынаиды. Абай сөзі заманындағы ақындардың сөзінен үздік, артық» деп бағаласа, Нұр Рамазанов «Абай өлеңдері тыңдаушыларын қат-ты ұйытқан. Түрі көркем, мазмұны жағынан оның бәрі де халық өмірінің шындығынан алынған. Абай өлеңдерінде бірде-бір басы артық сөз жоқ. Әрбір сөз өз орнында тұрып, терең мағына береді» деп Абай шығармаларындағы реализм мен сөз талғаудығы дәлдікті тап басып көрсетеді.

Абайдың осындай әдеби көшбасшылық ерекшеліктерін тезістік мәнде анық танытатын Н.Төреқұлов, І.Жансүгіров, Ғ.Сағди, Ж.Аймауытов, М.Жұмабаев, Т.Шононов, өзге де қаламгерлердің жазған тұжырымды пікірі мол. Сондықтан біз ол пікірлердің бәрін тізбелеймі, «Ақын жолы халық жолымен, тарих жолымен қабиса табысқан шақта, оның өзінсе өлім жоқ, сөзіне заман, дәурен шегі жоқ» деп бас абайтанушы М.О.Әуезов жазғанды, артына өшпес, өлмес сөз қалдырған, сол арқылы халқын жаңа белестерге жетелеген Абай сөзін Міржақып Дулатұлының «Әдебиетіміздің негізіне қаланған бірінші кірпіш Абай сөзі, Абай аты болуы керек. Қазаққа сәуле беріп, алғашқы атқан жарық жұлдыз – Абай» деген сөзімен тұжырымды.

Абайтану ғылымы еліміздің тарих толқынында басынан өткерген қилы заман өзгерістерімен ажырамас бірлікте болғаны аян. Өйткені рухани жан қоптауымен қабиса табысқан ғылым саласы биік белестерге көтерілгенде де, саясат-тың қаһарлы дауылында тайсақтай сөйлеуге мәжбүр болғанда да, хана дақимінің асыл ойларын кейінге жеткізуде өзінің тарихи миссиясын орындап шықты. Әдеби мұраны тұрпайы социологиялықсын тұрғысында бағалап, шығармалардың көркемдік, мазмұндық мәніне емес, пролетарлық, әлеуметтік идеясына, автордың шығу тегіне қарап бағалаған кезеңде, Абай мұрасының адамзаттық гуманизм мен моральдық принциптерге сай сипаттарын, орыстың классикалық әдебиетімен байланысын көлденең тартып, алып шыққандардың басында тұрған Ыдырыс Мұстамбаев екенін баса айтқан жөн.

1933 жылы Абайдың тұңғыш академиялық жинағы жарық көрген соң абайтанудың Мұхтар Омарханұлы Әуезов кезеңі басталды. Әрине, абайтанудың бұл кезеңінде Қ.Жұбанов, Б.Кенжебаев, С.Мұхамедов, Е.Ысмайылов, З.Шашкин, К.Жұмалиев, М.Бөжесев, Т.Нұртазин, Ә.Жиреншин, Қ.Мұхамедханов т.б. зерт-теулері

де жарияланып жатты. Дегенмен абайтанудың 1933-1961 жылдар аралығындағы даму кезеңін бас абайтанушы Мұхтар Әуезов еңбектерімен байланыста қарастырған орынды. Қазақ рухының Абайдан соңғы шамшырағы М.Әуезов 1918 жылдан бастап, Абай мұрасын ұрпаққа жинап, жүйелеп, жариялап, насихаттап, оқытып жеткізу жолына күллі ғұмырын бағыштады. Соның нәтижесінде Абай мұрасының толық жинағын, Абайдың көркем образын, абайтанудың негізін қалады. Қазақ әдебиетінің арналы кең саласы абайтануда М.Әуезов ақын мұрасын насихаттау, жинау, зерттеу, ғылыми және әдеби тұрғыда жазып қалдыру барысындағы ұлан-ғайыр еңбегінің ауқымы өте кең. Бала шағында атасы Әуезден Абай өлеңдерінің нәріне қанып, жаттап өскен Мұхтар, 18 жасында Абайдың 70 жылдық мерейтойына арнап, ұстазы Нәзіпа Құлжанова ұйымдастырған қазақ тіліндегі тұңғыш әдеби кешке ат салысып, 1918 жылы Жүсіпбек Аймауытовпен бірге «Абай» журналын жарыққа шығарды. Журналда жарияланған Абайдың шығармашылық жанашырлығы мен Абайдың әдеби дәстүріне арналған «Абайдың өнері һәм қызметі», «Абайдан соңғы ақындар» атты Жүсіпбек Аймауытовпен бірлесіп, «Екеу» деген бөлекшік атпен жазған мақалаларынан бастап, 1959 жылы жарыққа шыққан «Абай Құнанбаев» монографиясына дейінгі ұзақ та күрделі ғылыми зерттеу белестерінен өтті. Семейдегі «Абайдың монографиясына дейінгі ұзақ та күрделі ғылыми зерттеу белестерінен өтті. Семейдегі «Абайдың даярлайтын оқу орындарына Абайтану пәнін енгізу ісі де Мұхтар Әуезовтен бастау алды. Сөйтіп кеменгер ғалым 1942 жылдан бастап С.М.Кирис атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің қазақ тілі мен әдебиеті факультетінде Абайтану курсын жүргізуді қолға алды. Абайтану ғылымында академик Мұхтар Омарханұлы Әуезов негізгі зерттеу нысанына алынатын өзекті мәселелерді: Абайдың ғылыми өмірбаянын жүйелеп жазу; Абай шығармаларының дерек көздерін жинау және текстологиясын зерттеу; Абай шығармаларының халықтығын, реализмн дәйектеу; Абай шығармашылығының нәр алған рухани бастауларын (төл руханият, Шығыс, орыс, сол арқылы Батыс әдебиеті) айқындау; Абайдың әдеби ортасын жүйелеп, дәйектеу (өзі алған нәрлер; өзгеге берген нәрі); Абайдың ақындық кітапханасының көлемін анықтау; Абай дәстүрі, яғни Абайдың ақын шәкірттері сынды ірі-ірі салаға бөліп қарастыра отырып, абайтану ғылымында шәкірт тәрбиелеумен қатар, ғылыми дәстүр қалыптастырды.

«М.Әуезов Абайды да, қазақ әдебиетін де қорғап тұрған үлкен бір айбынды қорған сияқты еді. Абайды зерттеушілер де, қазақ әдебиетінің жас күштері де сол кісінің маңына жиналып, оны атқарылар істердің орталығы, ақылшысы ретінде бағалайтын. Ол қазақтың ұлттық әдебиетін дүниеге танытты да, бүкіл дүниежүзі алдында оның абыройын қорғады. Мұхтардың қайтыс болуы (1961) абайтануды да, әдебиетті де жетім қалдырды. Осыдан бастап Абайды зерттеу ісі бірепыра бексенеді» деп академик Серік Қирабаев жазған осы бір өліара шақта абайтану ғылымын жаңа биіктерге көтеруге қабілетті жастар бұл көрсете бастады. Соның бірі Мекемтас Мырзахметұлы болатын. 1953 жылы Абай атындағы Қазақ мемлекеттік педагогикалық институтын тамамдап, оншақты жылдай астанадан шеткері оңтүстік өңірлерде педагогикалық қызметтерде істеген жас маман Алматыға оралып, Бауыржан Момышұлының шаңырағында тұрып, 1961-1964 жылдары аспирантурада оқыды. Өзі қалжын қылып айтатынындай, «жеңіл тақырып алып, тез қорғап кетсем» деген ойын ғылыми жетекшісі профессор Қажым Жұмалиев берген «Абайдың әдеби мұрасының зерттелу жайы» (диссертация 1965 жылы 12 ақпанда қорғалды) тақырыбы тамыры тереңге тартқан Абайды тану әлеміне енгізіп жіберді. Жас ғалымның абайтану тарихын зерттеу барысында оқып, танысқан еңбектердегі Абай мұрасына қатысты ой, танымдардың кенестік идеология мен социалис-тік түсініктерге мүлде қабыспайтын пайым, тұжырымдары жас ғалымның алғашқы мақала,

зерттеулерінде-ақ өзгеше ой қорытындылар жасауға жетелегені таныла бастайды. Мысалы, 1963 жылы «Педагог» газетінде жарияланған «Дауани кім?» 1964 жылы «Қазақ әдебиеті» газетінде басылған «Татар ғалымы – Абай зерттеушісі» немесе «Простор» журналында 1963 жылы жарияланған «Братья Белослюдовы об Абая», «Тіл және әдебиет мәселелерінде» басылған «Абай мұрасының зерттелу тарихынан» сынды материалдарда көтерілген тың ой-тұжырымдар 1994 жылы жарыққа шыққан «Абайтану тарихы» монографиясында кеңінен талданып жазылды. Монографияда абайтану ғылымының 1889 жылдан, 1961 жылға дейінгі тарихы толық қамтылған. Зерттеуде абайтанудың бастауында тұрған Алаш арыстарының еңбектері алғаш рет абайтану тарихы аясында арнайы қарастырылып, Мұхтар Әуезовтің абайтану саласындағы өлшеусіз зор еңбектері жан-жақты қамтылып, Абай мұрасының ертүрлі ғылым саласындағы зерттелу тарихы жүйелі түрде сараланды.

М.Әуезовтің «Абайды танудың басы, алғашқы адымдары революциядан бұрын басталған. Абайдың өмірі мен ортасын, еңбектерінің әр алуан сипаттарын, көпшілікке мәлімдеп отырған үлкенді-кішілі танытықш сөздерді, деректерді еске алуымыз керек» деген сөзін зердесіне түйген ғалым, бас абайтанушы астарлап айтқан «үлкенді-кішілі танытықш сөздерді», яки абайтану тарихындағы Алаш арыстарының асыл сөздерін 1993 жылы «Абайды оқы, таңырқа!» деген атпен жеке жинақ етіп шығарды. Сондай-ақ 1909 жылы Санкт-Петербургтегі Бораганский баспаханасынан Көкітай, Тұрағұл Құнанбайұғландары бастырған «Қазақ ақыны Ибраһим Құнанбай ұғлының өлеңдері» атты өлеңдер жинағынан бөлек, көлемдері шағын болса да, Абай өлеңдерінің жинақтары ретінде Уфада 1909 жылы Зейнеп Ғабиден әл-Жауһари әл-Омсқауи, Орынборда 1916 жылы Самат Әбішұлы бастырған «Насихат қазакыя», «Абай термесі» атты екі кітапшалы да түсініктемелер жазып, жеке жинақтар түрінде оқырман қауымға қайта түлетіп жеткізді.

Ғалымның бұл еңбектері тұрасында ҚР ҰҒА-ның М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты ғалымдары шығарған монографиялық жинақтың «Тәуелсіздік кезеңіндегі абайтану» бөлімінде: «Абайтанушы М.Мырзахметов Кеңес кезінде айтылмай келген «Алаш абайтануын» жариялады. 1993 жылы «Абайды оқы, таңырқа!» ат-ты мақалалар жинағы жарық көрді. Тұңғыш рет абайтанудағы ақтандқ осылай ресми ғылымға енгізілді» деп атап көрсетті.

Абайтану ғылымы – халықтың ой-танымы, заман ағымы, қоғамдағы түрлі өзгеріс, осу, өзгеру, жаңару процестеріне сай, үнемі сан мен сапа жағынан дамып, жетіліп отыратын әдебиет-тану ғылымының арнаулы саласы. Оған қоса Абайдың мерейтойлары кезеңінде атқарылған сан алуан іс-шаралар жайлы, оқу орындарында Абай мұрасын оқыту мен зерттеу ісіне байланысты тың тақырыптар мен ғылыми бастамалар көтерілген шақтарда жас халықаралық әдеби байланыстар өріс алған кезеңдер мен Абай жайлы жазылған архивтік тың деректер көзі ашылған кездерде абайтанудың библиографиялық көрсеткіші анықтамалық деректер көзінің жиынтығы ретінде Абай мұрасына қызығушылық танытар оқырманға өте қажет анықтамалық мағлұмат берер кітап екені аян. Сондықтан «Абай мұрасы жайында сөз қозғау, пікір көтеру бүкіл қазақ әдебиеті жайлы ой толғаныстарына ұштаспай тұра алмайтын рухани байланыстылықты танытады. Ал ұлы мұраны әр қырынан танып білу – ұрпақтар буыны алмасқан сайын жаңғырып, сонылық танытатын жасампаз құбылысқа айналмай тұра алмайды. Мұндай ұлы мұра туралы уақыт, заман талабына орай дүркін-дүркін әр тұста толық түрдегі персоналды библиографиялық көрсеткіштер жасап отыру талабы да алға қойылып отырмақ» деп ғалымның өзі атап көрсеткендей, қазіргі күндегі Абай мұрасына қатысты жарияланған жүз жылға жуық мезгілдегі дерек көздерін қамтитын қолымыздағы «Абайтану. Библиографиялық көрсеткіш» (1988) те профессор Мекемтас Мырзахметов еңбегінің жемісі.

Уақыт көші, заман өзгерісі елімізді жаңа дәуірге, тәуелсіз мемлекеттің шаңырағын көтеріп, дербес ел болуға қол жеткізді. Соның нәтижесінде кезінде кенестік жүйенің интернационалдық тәрбие, ұлы орыс халқының авангарттық рөлі сынды түп мәні великоростық, еуроцентристік көзқарасқа негізделген идеологияның құрсауынан құтылып, барымызды бағамдап, жоғартқанды

іздеуге мүмкіндік туды.

Бұл жай Абай мұрасын тану мен абайтану тарихына, тәуелсіз елдің ұлттық, шығыстық, мұсылмандық рухани бұлақ көздеріне жаңаша тұрғыда қарауға жол ашты. Сондай-ақ Абай мұрасындағы мораль философиясының, толық адам ілімінің бүгінгі заман адамын дүниеқұмарлық, тойымсыздық, тән құмары билеген нәпсілік жолдан арылтып, жан құмары арқылы рухани жағынан іштей тазарып, адамшылық, әділдік, гуманистік мәндегі толысуына да жағдай жасары анық. Еліміз тәуелсіздік алғанға дейінгі кезеңнің өзінде-ақ Абай мұрасының рухани бұлақ көздеріне қатысты зерттеулер жазуды қолға алған ұстазымыз, профессор М.Мырзахметұлы М.Әуезовтің «Михаэлис, Долгополовтардың Абайға берген көмегін айтқанда, оның шегін біліп айту керек. Бұлар әсіресе Михаэлис ақынның өз айтуы бойынша, Абайдың жаңа ізденіп жүрген кезінде ең алғашқы түрде ғана көмекші болды. Ал кейін орыс тілін еркін біліп, орыстың ұлы мәнінетіні мол, терең тани бастаған кездегі Абай озық ойды бұлардан үйренбейді. Пушкиннің өзінен, Белинский, Герцен, Чернышевский, Салтыков-Шедрин, Некрасовтардың өз мұраларынан өздігінен кең, терең тәлім-тәрбие алады», «Абайда Батыстан кірген белгіден гөрі Шығыс белгісі басымырақ, нығырақ», «Батысқа келгенде ол арқасын Шығысқа, ақылмен қорытып алған мұсылмандыққа нық тіреп алып келеді», «Абайға Батыстан кірген бұйымдардың басы – ислам діні», «Абайдың діні – сыныпш ақылдың шарт-ты діні», Абайдағы толық адам танымның бастауында тұрған «Интернатта оқып жүр» өлеңіне қатысты: «Абайдың, әсіресе көп ой қорытып айтқан мағыналы және програмдық бір өлеңі», «Ұстаздық, әлеуметтік талабының түп мақсаты жеке адамды жанашырлықтан арылтып, сол арқылы заманындағы қауым-қоғамын және бар халқын түзетіп, өзгертпек болады» деп кенестік идеология қыспағындағы кезеңнің өзінде-ақ айтқан тұжырымды ой-танымдарын, сарыла, терең зерттеу арқылы олардың шығу көздерін, Абай мұрасындағы көріністерін жан-жақты талдап, түсіндірген «М.Әуезов және абайтану проблемалары», «Абай және Шығыс», «Абайдың адамгершілік мұраттары» атты еңбектер жазды. Оларда әсіресе «Мұхтар Әуезов және абайтану проблемалары» монографиясында М.Әуезовтің «нравственная личность» деп атаған Абайдың сау ақыл, ыстық жүрегінен туған «толық адам» танымын 4 сала: Абайдың ақындық кітапханасы; Абай және Шығыс классиктері; Абайдың исламиятқа қатысы; Абай және мораль философиясы салалары бойынша терең зерттеп, әрқайсысына «Абайдың ақындық кітапханасы хақында», «Абай және Шығыс», «Қазақ әдебиетіндегі сопылық ілім», «Абайдың адамгершілік мұраттары» атты тұтас зерттеу еңбектер жазып, қазақ ғылымының айналымына енгізді.

Ғалым қазіргі заман адамының Абайды жан қоптауымен терең танып оқуына бөгесін болып отырған жайларды: «Абай шығармасын танып білу жолында бүгінгі жаса талап жас ұрпақтың алдынан үш кедергі шығады:

Бірінші, Абай ғұмыр кешкен заманды, оның саяси-әлеумет-тік ортасын, яғни бозандық заман тарихын танып білуіміз керек.

Алдымыздан шығатын екінші кедергі – Абай қолданған мағынасы алыс, түсінуге ауыр, сол заман оқырманы түсіне алған, бірақ бізге құрық салдыра бермейтін тарихи сөздер.

Үшіншіден, Абай дүниетанымын танып, ғылыми негізде ұғына алмай келеміз» деп атап көрсете отырып, осы мәселелерді шешуге бағыт-талған «Қазақ калай орыстанды?» «Абай лұғаты», «Абайды танудың жайы мен міндеттері» деген «Абайдың адамгершілік мұраттары» монографиясының бір тарауын жазумен бірге, осы мәселелерді зерттеуді өз шәкірттеріне арнайы ғылыми тақырып етіп берді. Нәтижесінде осы мақала авторы Марат Бекбосыновтың «Тәуекел мен батыр ой» атты монографиясы, Мақсат Әліпханұлы «Адамгершілік ілімі және Хакім Абай» зерттеуі, Жабал Шойынбеттің «Абай қара сөздерінің жанры мен стилі» атты еңбектері жарық көрді.

Абай мұрасын оқытуды алғаш рет оқу үдерісіне енгізген Мұхтар Әуезовтің педагогикалық қызметін Абай атындағы Қазақ ұлт-тық педагогикалық университетінде жаңғырта жалғастырған профессор Мекемтас Мырзахметов болды. Сөйтіп бұрын тек филология факультет-терінде ғана оқытылатын «Абайтану курсын» 2008 жылдан бастап Абай атындағы Қазақ ұлт-тық педагогикалық университетінің барлық факультетінің оқу бағдарламасына енгізуге қол жеткізді.

Осы оқу курсына арнап 2010 жылы «Абайтану» оқу құралын жазды. Онда бүгінгі заман талабына сай келешек филолог мамандарға ғана емес, күллі болашақ ұстаз қауымына, олардың келешек ұрпақ тәрбиесінде Абай тағылымын оқытуы арқылы Абайдың «Көкірегі сезімді, тілі орамды, жаздым үлгі жастарға бермек үшін» деген арман, мақсатының іс жүзінде жүзеге асуы қолға алған «бүгінгі заман талабы тұрғысынан ЖОО барлық факультеттерінде шәкірттерге ойыпал ақын мұрасы бойынша «Абайтану» арнаулы курсын оқыту міндеті қойылып отыр» дей келіп, Абай мұрасының тағылымдық мәнінің қазақ халқы тағдырындағы бүгінгі және келешек маңызын атап көрсеткен.

Абайтану ғылымының алабы, бас абайтанушы Мұхтар Омарханұлы Әуезовтің көзін көрген, ғылыми-педагогикалық дәстүрін қазақ руханиятында жалғастырған ақылшы ұстазымыз академик Мекемтас Мырзахметұлының онегелі өмір жолы ғалымның шәкірті, біздің дарынды ғалым ініміз Дәурен Бақдәулетұлы Мұхамедиевтің «Абайтанушы» кітабында жан-жақты жазылған.

«Абай тегейіс теңіз гой, мен одан қасқыптан қана алдым» деп Мұхтар Әуезов жазғандай, біз бұл мақаламызда ұстазымыздың абайтану саласындағы ұлан-ғайыр ғылыми еңбектеріне тек шағын шолу жазумен ғана шектелдік.

Марат БЕКБОСЫНОВ,
филология ғылымдарының кандидаты

Бағдарлама игілігі

ЕЛ ИГІЛІГІНЕ ҚЫЗМЕТ ЕТЕТІН ЕМХАНА

Тұрғындардың денсаулығын сақтауда медицина қызметкерлерінің еңбегі ерен. Олар әрбір тұрғынға дер кезінде алғашқы медициналық көмек көрсетіп, аурудың алдын алуға, халық денсаулығын нығайтуға аянбай еңбек етіп келеді. Ауыл медицинасының әлеуетін арттыру, материалдық-техникалық базасын нығайту және білікті мамандармен толықтыру – күн тәртібінен түспейтін өзекті мәселе. Осы бағыттағы игі бастаманың бірі 2023 жылы «Ауылда денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы аясында Мырзабай ахун ауылында жаңа дәрігерлік амбулаторияның пайдалануға берілді. Заман талабына сай бой көтерген медициналық нысан бүгінде ауыл тұрғындарына сапалы қызмет етіп келеді.

Жаңа медициналық нысан ел игілігіне табысталғанға дейін ауыл тұрғындары ем алу үшін аудан орталығына қатынауға мәжбүр болған. Себебі бұған дейін халыққа сапасы сын көтермейтін, тозығы жеткен ескі ғимарат қызмет көрсеткен. Бүгінде жағдай түбегейлі өзгерді. Ауыл халқы заманауи талаптарға сай жаңа нысанда медициналық көмек алып, қажетті тексерулерден өз ауылында өтуге мүмкіндік алды. Қазіргі таңда ауылдық амбулаторияда 9 білікті маман еңбек етеді. Олардың қатарында 1 дәрігер, 1 фельдшер, 1 акушер, мейіргерлер, халыққа дәрі-дәрмек үлестіретін әлеуметтік қызметкер және көлік жүргізушісі бар.

Медициналық нысан қажетті құрал-жабдықтармен қамтылған. Мұнда тіркеу бөлімі, медициналық мұрағат, процедуралық және тексеру бөлмелері, дәріхана, әлеуметтік қызметкер кабинеті, акушер-гинеколог бөлмесі, физиотерапиялық емдеу, егу бөлмелері мен зертхана жұмыс істейді. Сонымен қатар амбулаторияда 5 орындық күндізгі емдеу стационары қарастырылған. Мұнда айына шамамен 25 тұрғын түрлі диагноз бойынша ем қабылдайды.

Ауылдық амбулатория дәрігері Шынар Құдабаеваның айтуынша, жыл басынан бері күндізгі емдеу стационарында 158 тұрғын ем алған. Емдеу мекемесінің жұмысымен танысып жүріп, күндізгі емдеу стационарында ем қабылдап жатқан тұрғындармен де тілдестік. Соның бірі созылмалы бүйрек аурулары диагнозына байланысты қажетті ем алып жатқанын айтса, енді бірі жүрек-қан тамырлары ауруларына байланысты дәрігердің үнемі бақылауында болып, дәрумендер қабылдап жатқанын жеткізді. Олар дәрігерлік амбулатория ұжымына алғысын айтып, жедел жәрдем бригадасында



қызмет ететін фельдшердің күн-түн демей шақырған шұғыл шақыртуларына дереу келетініне ризашылығын білдірді.

Мұнда мүмкіндігі шектеулі жандарға да медициналық қызмет көрсетуге ерекше көңіл бөлінген. Олар өздеріне тағайындалған ем-шараларды уақытылы қабылдап, дәрігердің тұрақты бақылауында болады.

Ауылдық емханада дәрі-дәрмек қоры да жеткілікті. Дәрігердің айтуынша, диспансерлік есепте тұрған тұрғындарға диагнозына сәйкес қажетті дәрі-дәрмектер уақытылы беріліп тұрады.

Айта кетейік, дәрігерлік амбулатория заманауи медициналық құрал-жабдықтармен қамтылған. Атап айтсақ, ЭКГ аппараты арқылы тұрғындардың жүрек қызметін тексеріп, ауруларды ерте анықтауға мүмкіндік бар. Сондай-ақ қан арқылы жүргізілетін біркатар талдауды жедел алуға жағдай жасалған. Бұдан бөлек емхана ересектер мен балаларға арналған ингаляция құралдарымен және қандағы қант деңгейін анықтайтын арнайы құрылғылармен жабдықталған. Ауылдық амбулатория дәрігерінің айтуынша, жергілікті тұрғындар көбіне қан қысымының

жоғарылауы, қалқанша безі, жүрек-қан тамырлары, қант диабеті, бүйрек қан айналымының жеткіліксіздігі, маусымдық тұмау және тыныс жолдарының инфекциялары бойынша медициналық көмекке жүгінеді.

Дәрігер сұхбат барысында ауыл демографиясындағы оң өзгерістерге де тоқталды. Былтыр ауылда 18 сәби дүниеге келсе, жыл басынан бері 9 әйел ана бақытына бөленген. Сондай-ақ қазіргі таңда 18 жүкті әйел дәрігерлердің бақылауында. Айта кетейік, ауылда 14 жасқа дейінгі 257 бала бар. Оның 89-ы – бес жасқа дейінгі бүлдіршін.

– Емханаға көбіне бір жасқа дейінгі балалар тұмау сырқатымен ауырып келеді. Ал қазір жаз мезгілі болғандықтан, балалар арасында жедел ішек инфекциясы жиілеп тұр. Ішке кішкентай балалар және үлкен кісілер жуылмаған немесе піспеген жеміс-жидектерді тұтынып, кішім бүріп ауырып тұр» деп шағымданып келеді. Толық тексеруден өткізіп, күндізгі емдеу бөлімінен қажетті дәрумендер саламыз. Сондай-ақ жақында ғана бес жастағы бала әлі пісіп жетілмеген қарбыз жеп, жедел ішек инфекциясына шалдықты. Әріптесім дереу алғашқы медициналық көмек көрсетіп, жедел жәрдем көлігімен аудан орталығындағы ауруханаға жеткізді. Бала жұқпалы аурулар бөлімінде жатып, тиісті ем қабылдап, кейін үйіне шығарылды. Жаз басталысымен ауыл тұрғындарына жедел ішек инфекциясының алдын алу бойынша түсіндіру жұмыстарын жүргізіп, жеміс-жидек пен көкөністі мұқият жуып тұтыну, тағамның сақталу мерзімі мен тазалығына мән беру қауіптілігін ескертеміз. Өсіресе, балаларға сапасыз толық пісіп жетілмеген өнімдерді бермеу маңызды, – дейді дәрігер.

Байқағанымыздай, ауылдағы емхана ел игілігіне жарап тұр. Мамандары мамандығына адал, ал халық ақсалауытарға дән риза. «Ауылда денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы жергілікті халықтың ертеңгі күнге деген сенімін нығайтып қана қоймай, денсаулық сақтау саласының қолжетімділігін арттырып отыр.

Ақтоты ЕРЖАНҚЫЗЫ



Кенес

БАЛАЛАР ДЕНСАУЛЫҒЫ ТЕХНОЛОГИЯЛАР КӨМЕГІМЕН БАҚЫЛАНАДЫ

Мектеп оқушыларының профилактикалық тексерулері цифрлық диагностикалық жабдықтарды пайдалану арқылы жүргізіліп, тексеру нәтижелері цифрлық медициналық жүйелерде тіркелетін мектеп медицинасының жаңа моделін 400-ден астам маман талқылады. Талқылауға 400-ден астам маман, денсаулық сақтау басқармаларының, медициналық-санитариялық алғашқы көмек ұйымдарының өкілдері, мектеп медицинасы қызметкерлері және бейінді мамандар қатысты.

Жаңа модельдің негізгі элементінің бірі – мектеп оқушыларының профилактикалық тексерулерін цифрландыру. Тексеру жүргізу кезінде заманауи цифрлық диагностикалық құрылғыларды пайдалану, ал алынған нәтижелерді ақпараттық жүйелерде автоматты түрде тіркеу жоспарлануда. Бұл баланың денсаулық жағдайы туралы неғұрлым толық мәлімет қалыптастыруға және оның өзгерістерін динамикада бақылауға мүмкіндік береді.

Егер оқушыда белгілі бір қауіп факторлары немесе денсаулық көрсеткіштерінде өзгерістер анықталса, ақпаратты одан әрі бақылау, қосымша тексеру жүргізу немесе медициналық көмек көрсету үшін МСАК мамандарына жедел жіберуге болады. Осылайша мектеп медицинасы бір реттік профилактикалық тексерулерден баланың денсаулығын жүйелі түрде цифрлық сүйемелдеуге біртіндеп көшеді.


Негізгі басымдық – профилактика және ерте анықтау. Жаңа модель профилактикалық бағытты күшейтуді көздейді. Негізгі міндет – денсаулықтағы ықтимал бұзылыстар мен қауіп факторларын ерте кезеңдерде анықтау. Бұл кезде уақытылы профилактикалық шаралар барынша тиімді нәтиже бере алады.

Бұл ретте мектеп медицинасы қызметкерлері аталған жүйенің маңызды бөлігіне айналады. Олардың жұмысы медициналық тексерулер жүргізумен ғана шектелмейді. Ол аурулардың алдын алуды, санитариялық-ағарту жұмыстарын жүргізуді, балалардың салауатты өмір салты мәдениетін қалыптастыруды және МСАК ұйымдарымен өзара іс-қимылды қамтиды.

Кенесте оқушылардың салауатты өмір салтының тұрақты дағдыларын қалыптастыруға және профилактикалық мәдениетті дамытуға бағытталған «Саламатты мектеп» жобасы да таныстырылды. Мектеп медицинасының қадірлік қамтамасыз етілуіне, цифрлық инфрақұрылымды дамытуға және медициналық ұйымдардың жаңа тәсілдерді енгізуге дайындығына ерекше назар аударылды.

Көшпелі кенес өңірлердің жаңа модельді іс жүзінде енгізуге дайындығын бағалауға және мектеп медицинасының дамуы бойынша алдағы қадамдарды айқындауға мүмкіндік берді. Жаңа модель мектеп медицинасының заманауи, цифрлық және профилактикалық сипатын күшейтуге бағытталған. Бұл баланың денсаулық жағдайын белгілі бір уақыттағы көрсеткіш бойынша ғана бағалап қоймай, оның өзгерістерін динамикада тұрақты бақылауға мүмкіндік береді.

«ЖЖ» ақпарат



адамды таңдауы керек. Себебі дәрі-дәрмектің әсері дәрігердің білімімен өлшенсе, оның шипасы кейде мейірбикенің бір ауыз жылы сөзімен еселенеді. Роза Балықбайқызы осыны еңбек жолының алғашқы күнінен түсінді. «Мен жұмысқа үлкен дайындықпен барамын. Себебі әр науқастың жағдайына қарап, көңіл күйін бақылау керек. Сенің әрбір сөзің науқасқа жасы көңіл сыйлауы тиіс. Науқасты сенің елу пайыз жылы сөзің емдейді» дейді ол.

Осы бір ауыз сөздің өзінде 39 жылдық тәжірибенің салмағы жатыр.

Жұқпалы аурулар бөлімі – жауапкершілігі жоғары, жұмысы тынымсыз бөлімнің бірі. Атты айтып тұрғандай, мұнда түрлі жұқпалы дертке шалдыққан науқастар ем қабылдайды. Мұндай бөлімде қызмет ететін әр маман тазалық пен тәртіпке, қауіпсіздік талаптарына, науқастың жағдайын жіті бақылауға ерекше мән береді. Бір қарағанда, күнделікті қайталанатын қарапайым әрекеттер секілді көрінгенімен, оның әрқайсысының астарында адам денсаулығы мен өміріне деген үлкен жауапкершілік бар. Өсіресе жаз мезгілінде бұл бөлімнің жұмысы тіптен қызу түседі. Қауын-қарбыз, әңгелек секілді бақша өнімдері дастарқанға сен кіргізігенімен, оларды дұрыс пайдаланбау, жуып-тазаламай тұтыну немесе санитарлық талаптарды сақтамау ішек

ауруларының белең алуына себеп болуы мүмкін. Сондықтан дәл осы кезеңде медицина қызметкерлерінің сақтық шараларын түсіндіруі, науқастарды дер кезінде қабылдап, жағдайын бақылауы аса маңызды.

Жұқпалы аурулар бөліміндегі әр күн – өзіңше бір сын. Бірі алаңдап келеді, бірі сырқаттанып қажиды, енді бірі жақындарының жағдайын ойлап мазасызданады. Осындай сәтте дәрігердің білімімен қатар, мейірбикенің сабыры мен жылы қабағы қажет. Бұл бөлімде білікті дәрігерлер Сасықбаева Фариза мен Иманмырзаева Айгерім де өз кәсібіне адалдықпен қызмет етіп, науқастардың алғысына бөленіп келеді. Ал дәрігердің нұсқауын бұлжытпай орындап, науқастың халін танертеңнен кешке дейін бақылап, дәрісін уақытында беріп, дене қызуын өлшеп, жағдайындағы өзгерісті назардан тыс қалдырмайтын мейірбикелер мен кіші аяңдардың еңбегі өз алдына бір төбе.

Медицинада кей еңбектің дауысы қатты шықпайды. Бірақ оның нәтижесі адамның сауығуынан көрінеді. Науқастың төсегін жинау, бөлменің тазалығын сақтау, ас-суын уақытында жеткізу, жүргізу-тұруына көмектесу, әлсіз жанның жанына жастық қою, түн ішінде ояқта-қайта халін сұрау – сырт көзге елеусіз көрінгенімен, мұның бәрі үлкен еңбекті қажет етеді.

Кіші аяңдардың қолынан шыққан әрбір тазалық жұмысы да емің бір бөлшегі. Өйткені жұқпалы аурулар бөлімінде тазалық – жай ғана ұқыптылық емес, аурудың алдын алудың маңызды шарты. Ал мейірбике үшін әр науқастың жағдайын қалт жібермей бақылау – кәсіби біліктіліктің ғана емес, адамға деген шынайы жанашырлықтың белгісі.

Ақ халатты жандардың жұмысы сағатпен өлшенбейді. Адам ауырған кезде уақыттың өлшемі өзгереді. Таңғы кезекшілік, түнгі бақылау, күтпеген шақырту – бәрі медицина қызметкерінің қалыптй тіршілігіне айналады. Кейде өз үйіндегі баласының жағдайын ойлап отырған ана ауруханадағы науқастың көңілін жұбатпауға асығады. Өйткені медицина қызметкері үшін қызмет пен адам тағдырының арасы өте жақын. Роза Балықбайқызы да осындай талай күн мен талай түнді еңбекпен өткізді.

Оның кәсіби жолындағы ең күрделі кезеңдердің бірі – әлемді алаңдатқан COVID-19 пандемиясы болды. Жұқпалы аурулар бөлімінде еңбек ететін медицина қызметкерлері сол тұста үлкен жауапкершіліктің ортасында болды. Қауіпке қарамай, өз міндетін атқарған ақ халатты жандардың еңбегі ел есінде. Сол кезеңдегі адал қызметі үшін Роза Балықбайқызы төсбелгімен марапатталды.

Бұл марапат – жай ғана белгі емес, қиын кезеңдегі еңбектің естелігі. Ал быыл Мейірбике күніне орай Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Алғыс хатымен марапатталуы – оның медицина саласына сіңірген 39 жылдық еңбегінің лайықты бағасы.

Алайда Роза Балықбайқызы үшін ең үлкен марапат – марапат қағазы емес, науқастың «рахметі».

Кейде ауруханадан жазылып шыққан адам қайта айналып келіп, «сол кезде сіздің сөзіңіз маған күш берген еді» деп алғыс айтса, ұзақ жылғы еңбектің қадірін сол сәтте сезінесің. Адамның денесі ғана емес, көңілі де емді қажет етеді. Ал көңілге дауа болатын дәрінің бірі – мейірім.

Розаның Балықбайқызының еңбек жолы кәсіби қызметпен ғана шектелмейді. 1989 жылы Омаров Аймағамбетпен шапырақ көтеріп, отбасылық өмірде де берекелі ғұмыр кешті. Үш ұл тәрбиелеп өсірді. Бүгінде балалары жоғары оқу орындарында оқып, әр салада еңбек етіп жүр. Көліңдері де инәбаттылығымен отбасына сыйлы. Жеті меремерін бақытты әжесі атанып отырған Роза ханым үшін отбасы – өмірінің ең үлкен байлығы.

Медицинадағы мейірімділік пен ана жүрегіндегі мейірім бір-біріне тым жақын. Науқасқа алаңдап, оның жағдайын сұрап тұратын Роза ханымның бойындағы сол

қасиет отбасында да жалғасын таппайды. Бала тәрбиелеп, немере сүйіп отырған әже үшін ең басты тілек – ұрпағының амандығы.

Енді міне, 39 жылдық еңбек жолының соңғы белесіне де келіп жетті. Осы қыркүйек айында зейнеткерлікке шығуды жоспарлап отырған Роза Балықбайқызы үшін бұл – еңбектен қол үзу емес, өмірдің бір белесінен екіншісіне өту.

Өйткені ақ халатты жандардың кәсіби жолы зейнетке шыққан күні аяқталмайды. Олардың тәжірибесі кейінгі буынға аманат болып қалады. Жас мейірбикелерге ақыл айту, науқаспен сөйлесудің жөнін үйрету, кәсіби жауапкершіліктің салмағын түсіндіру – жылдар бойы жинаған тәжірибенің жалғасы.

Роза апайдың 39 жылдық ғұмыры – бір ғана адамның еңбек жолы емес. Бұл – медицина саласында үнемі қызмет етіп жүрген жүзлеген мейірбике мен кіші аяңдардың ортақ бейнесі. Олар таңның атысынан күннің батысына дейін адам денсаулығының күзетінде жүреді. Бірінің қолында дәрі,

бірінің қолында тазалық құралы болғанымен, бәрінің жүрегінде бір ғана ниет бар – адамның сауығып, үйіне аман-есен оралуы.

Ақ халат – тазалықтың ғана емес, сенімнің де символы. Ал сол ақ халатты 39 жыл бойы кіріп шалдырмай киіп, адам жанына жылы сыйлап келе жатқан Роза Балықбайқызының еңбек жолы – жас буынға үлгі боларлық өнеге.

Зейнет демалысы жақындағанымен, оның жүрегіндегі мейірімнің мекені – сол қалпы. Себебі адамға жақсылық жасау үшін міндетті түрде жұмыс орнында отырудың қажеті жоқ. Жақсылықты жүрек қаласа, мейірімнің ғұмыры зейнетке шықпайды.

Отыз тоғыз жыл бойы талай жанның дертіне дауа іздеп, көңіліне медет болған Роза Балықбайқызының ғұмыры – адамға қызмет етудің шынайы мәнін көрсеткен өнегелі өмір.

Ләззат ҚАЗМАҒАНБЕТОВА

Меншік иесі: СЫРПА МЕДИА жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Бас директор Марат АРАЛБАЕВ Жалағаш аудандық “Жалағаш жаршысы” газетінің редакциясы Бас редактор Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ	Телефондар: Бас директор - 8(7242) 70-00-36 Бас редактор - 32-0-41 Бас редактордың орынбасары, жауапты хатшы, бөлімдер - 31-5-75	Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат қорымен 16 сәуір 2019 жылы қайта тіркеліп, №17662-Г куәлігі берілген. “Жалағаш жаршысы” аудандық газеті КР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) “Сапа менеджменті жүйелері” талаптарына сәйкес КЗ 4310318.07.03.01.178 нөмірімен сертификатталған. <i>Газет әр аптаның сейсенбі, сенбі күндері шығады.</i> <i>Қолжазбалар өңделеді және кері қайтарылмайды.</i> <i>Жеке авторлардың пікірі редакцияның түпкілікті қозғарысын білдірмейді.</i> <i>Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.</i>	Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8/7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 31-5-75 немесе 8 (7242) 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады. Таралымы 2871 Тапсырыс №1360
---	--	---	--	--

Мекен-жайымыз: 120200, Қызылорда облысы, Жалағаш кенті, Абай көшесі №68. E-mail: zhal_jarsh@mail.ru

Кезекші редактор: Ақтоты БҰРКІТБАЙ